

## Бір жолғы әлеуметтік көмек беру туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 26 маусымдағы N 7-7 шешімі. Жамбыл облысы Шу ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 18 шілдеде № 6-11-128 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 13-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 28.03.2013 № 13-3 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 5 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шу ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын аудандық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени саланы, денсаулық сақтау, білім, қоғамдық және жастар ұйымдарымен байланысты дамыту, аймақты, энергетика, байланыс, әкімшілік-аумақтық құрылымды дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясына (А.Молдашева) жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*  
*А.Молдашева*

*Мәслихат хатшысы*  
*Б. Саудабаев*